

Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
«Айболған» бөбекжай
балабақшасының менгерушісі

Естаяуова Б.

«*Бешінші*»

2018 г.

Музыка оқу қызметіне *ұйымдастырылған* **Технологиялық картасы**

Музыка жетекшісі: Жумашова Н.К.

2018-2019 оқу жылы

«Музарт» ересектер тобы



Қыркүйек айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Армысың әуен»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Білімің-бұлағым	2	Балалардың мұыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Халық әуенін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын жасауға дағдыландыру.	Алғашқы білім күні туралы сур.
2	Нота үйренейік	2	Балаларға музыка жайында мағлұмат беру. Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау. Нота туралы түсініктерді ұғына отырып, ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Бес сызық, бес сызықта орналасқан нота суреттері.
3	Көнілді ырғактар	2	Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету. Вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды түсіндіру.	Бақытты балалардың бейнелері салынған суреттер.
4	Біздің аспаптар	3	Ән, музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге, күз құбылыстарын ажыратада білуге үйрету. Музыкаға ілесіп, ырғакпен аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Күздің суреті, ерте күз бен қоңыр күздің суреттері, асатаяқ.

Қазан айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Алтын күз»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Күзгі серуен	2	Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылданап, би билейге дағдыландыру. Композиторлар П. И. Чайковский және А. Райымқұлова туралы түсінік беру.	Күзгі жапырақтар, балапандардың және енесінің, қарақұстарын атрибуттары, бірнеше шығыршық.
2	Жомарт күз	2	Күй тындау арқылы ой-сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Күй туралы, күйші Тәттімбет туралы мәлімет беру, түсіндіру. Үлттық би элеенттерін үйретуді жалғастыру.	Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттер, слайдтар, көрмелер.
3	Күзгі жаңбыр	2	Әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат күбылышын музыкамен байланыстыра білуге үйрету. Дикцияның тазалығына, әнді анық айтуға дағдыландыру. Металлофон аспабында ойнауды үйрету.	Күзгі жаңбырды бейнелейтін суреттер.
4	Сабантойды тойлаймыз	3	Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында, мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, меркелік көңіл күй сыйлау. Күйші-композитор Дина Нұрпейісова туралы мәлімет беру.	Алтыбақан, ат макеттері, орамалға түйілген тиын. «Күзгі қойма», «Қырман басында», «Күзгі егістік», «Сабантойда» тақырыбындағы суреттер.

Қараша айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Сүйікті қалам Алматы	2	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлауға дағдыландыру. Дидактикалық үлестірмелі текшелерді пайдалануды, аспаптарды тындауды, даусын ажырата білуді үйрету.	Нұргиса Тілендиевтің портреті, Алатаудың көрінісін бейнелейтін сурет және үлестірмелі текшелер, асатаяқтар. Үнтаспа, диск.
2	Гүлдене бер, Астана	2	Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сеіну. Әнді көңілді ынталы орындауга тәселдіру. Музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би үлгілерін қайталап көрсетуді менгерту.	Дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер.
3	Жомарт өлкем	2	Музыканы тыңдал, сезініп, сипатын ажырату, динамикасын білу. Туған жеріне деген сүйіспеншілігін дамыту. Ноталарды сзызықтарға дұрыс орналастыруды үйрету.	Ноталар, нота сзызықтары.
4	Біздің рәміздер	2	Музыканы тыңдал, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту. Музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасату. Музыка ырғағына сай жалаушалармен қимылдар көрсетуге талпындыру.	Елтаңба, ту суреттері иллюстрация түрінде.

Желтоқсан айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Қыс қызықтары»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Қысқы орманда	2	Әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қымыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу. Қысқы орман туралы түсінік беру. П.И. Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен К. Шілдебаевтің «Жаңа жыл» әнін сипаттап, айырмашылықтарын анықтау.	Шырша
2	Егеменді елім	2	Музықадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатын қымылмен бере білуге үйрету. Тәуелсіздік туралы түсінікті жатқиу. Музыканың басталуын, аяқталуын анықтап, уақытында тоқтауға баулу.	Елтаңба, ту, гүлдер, жалауша.
3	Орманда серуендейміз	2	Музықадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сактау. П.И. Чайковскийдің «Қаңтар» атты шығармасымен танысып, оны сипаттау. Жаттығуда глиссандо жасап үйрету.	Ұлпалар, қыраулар.
4	Қысқы әуен сынғырлайды	1	Музыкаға қызығушулуғын арттыру, Музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту. Қыстағы әуеннің сынғыры туралы түсінік беру. «Марш» және «полька» ырғақтарын жаттатып, бір-бірінен ажырата білуге баулу.	Текшелер, акқала.

Қантар айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Ертегілер елінде»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Қыс қызығы	2	Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. Әр аңға тән музыканы ажыратуға, тани білуге баулу.	Қыс туралы суреттер.
2	Андардың айттысы	2	Әннің динамикалық ренқін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Ойынга қызығушылықпен қатыrsып, белсенділікке тарту.	Тұлкінің, аюдың, кірпінің маскалары.
3	«Бауырсақ» ертегісі	2	Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. Рөлде ойнау дағдыларын қалыптастырып, музыка арқылы сомдауды үйрету.	«Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің атрибуттары.
4	Айнала ақша қар	2	Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену қызығушылығын арттыру. Сретке қарап, өз сөздерімен әңгіме құрастырып үйрету.	Қыс көріністері салынған суреттер.

Ақпан айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Отбасым-бақытый»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Бесік жыры	2	Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қымылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.	Бесік, қуыршак, сылдырмақ, қоңырау, түяқтас, металлофон.
2	Менің туыстарым	2	Музыкалық шығарманы тыңдалап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, ұлken-кішіге деген сыйластыққа баулу.	Отбасындағы туыстар бейнеленген суреттер, алтыбақан, үшбұрыш, қоңырау, металлофон, бубен аспаптары.
3	Ақ өжем	2	Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенде, ән мазмұндағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мінерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін қымылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.	«Әдемі сырмак», «Әже мен немересі», «Менің өжем» суреттері. Ұлттық ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар
4	Ана-өмір шырағы	2	Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенде қымылмен көрсетуге, би қымылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамыту.	Атақты суретшілердің шығармаларынан ана суреттері, гүлдер, қоңырау, үшбұрыш, металлофон аспаптары.

Наурыз айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Салт-дәстүрлер»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Домбыра сазы	2	Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру. Жеңіл музыка әуенімен би қимылдарын жасату. Қазақтың музыкалық аспабы туралы аныздар, тақпақтар айту.	Қазақтың ұлттық аспабы-домбыра.
2	Көктем әндері	2	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзактығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажыратса білу. Табиғат өзгерістерін атап, суретке қарап әнгімелуеге баулу.	Көктемгі көріністер, қараторғай суреттері.
3	Наурыз-жыл басы	2	Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу. Арқан тарту арқылы күш сынасу дағдыларын үйрету. Наурыз мерекесі-күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсіндіру.	Наурыз дастарханы, ұлттық тагамдар, арқан.
4	Қайырлы таң	2	Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Әнді орындағанда үндесіп, бір-бірін тыңдалап айтуға баулу. Түрлі табиғат құбылыстарын аспаптар үнімен жеткізуге болатынын түсіндіру.	Музыкалық аспаптар: асатаяқ, сылдырмақ, тұяқтас. Дина Нұрпейісованың портреті.

Сәуір айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Біздің ән»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Фарыш әлеміне саяхат	2	Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеге дағдыландыру.	Скафандр атрибуты, құрсаулар. Фарышты, гарышкер кемесін бейнелейтін суреттер.
2	Құстар-біздің досымыз	2	Вокалды және аспапты музыкаға қызығушылығын арттыру. Құйши-Композитор Н. Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбактар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.	Құстардың суреті, ойыншық құстар, құстар атрибуттары.
3	Бақшадағы ән-сауық	2	Музакаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, Қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.	Түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі. Құышшак, ойыншықтар, «Әуенде сағат» дидактикалық ойынының карточкалары.
4	Ән салып, би билейміз	2	Музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру, дыбыстың ұзақтығы, биіктігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.	Шертер суреті, композитор Б. Дәлденбайдың суреті, металлофон аспабы, «Етек-етек» ойынына қажетті күралдар.

Мамыр айының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Тараудың тақырыбы: «Біз өнерлі баламыз»

P/c	Тақырыбы	Сағат саны	Бағдарламалық мазмұны	Ұсынылатын материал
1	Музыка әлеміне саяхат	1	Балаларды музыка әлемімен таныстыру арқылы ұлттық мәдениетімізбен, опера және балет жанрымен таныстыру. Музыка әуенін театрда тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі рөлдерде қалай ойнайтыны түсіндіру.	Микрофон, Абай атындағы опера және балет театрының әншілері мен бишилдерінің суреттері.
2	Ел қорғауға өзірміз	2	Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажыратада білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру. Эскери музыканы тыңдалап, жанрларды ажыратуға баулу.	Жеңіс күніне арналған слайд, жалаушалар, мәңгілік алау, гул шоқтары, батырлардың суреттері.
3	Бағдаршам	2	Музыканы тыңдалап, сипаттарын ажыратада білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарды эмоциясын ояту. Кейіпкерлер рөліне кіріп ойнау. (Көріністі халық әндеріне салып үрету).	Бағдаршам, жаяулар өткелі, тен жолмен қылыш, қауіпті бұрылыш, басты жол. Қасқыр, желаяк, тұлпар, қоян, арыстан атрибуттары
4	Біз мектепке барамыз	2	Музыканы тыңдалап, сипаттарын ажыратада білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Музыкалық ырғакты сезініп би қимылдарын жасату. Мектеп өмірімен таныстыру. Сабакта деген ынталарын ояту.	Аспаптар, мектеп құралдары.

Күні: Қыркүйек

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Білімнің бұлағы"

Білім көздері: Ән-күй

Мәссағаты: балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілік: алғашқы білім күні туралы суреттер

Алдын ала орындалатын жұмыс: кітап дәптер қаламдармен таныстыру.

Сөздік жұмыс: білім бұлақ

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<p>Алғашқы ән сабағына лайық көтерінкі көңіл күймен, жарқын музыка үніне лайық қадаммен музыка залына келеді. Шаттық шенберін құрып, бір- біріне жылы лебіздерін , алақандарының жылуын жеткізеді.</p> <p>-Міне бүгін жазғы демалыс аяқталып, оқу іс- әрекетінің басталған күні. Бір жасқа үлейіп өсіп, жаңа топқа келіп отырсындар. Қадамдарың құтты болсын дендерің сау болып өсе беріндер.</p>	<p>Балалар көңілді әуенмен залға кіреді.</p> <p>Балалар жазғы демалыс туралы әңгімелеп береді.</p>
Ұйымдастырушылық- ізденистік	<p>Балалар бүгін алғашқы білім күні. Біздің қазақ халқы кең далада жүріп киелі аспабы домбырамен үшқан құстың табиғаттың, адамның бойындағы түрлі құбылыстарды ұғындыра білген. Күй- қазақтың ертеден келе жатқан аспаптық музыкасы. өзімен ала кетеді. Қай топта бала коп қалса сол команда женіске жетеді.</p>	<p>Балалар домбыра туралы күй туралы мәліметтер алады.</p>
Ән тыңдау	<p>Музыка тыңдау; «Қосалқа» (Дәулеткерей).</p> <p>-Балалар музыка қандай көңіл күйде жазылған?</p>	<p>Балалар музыканы тыңдал болғансон өз</p>

	-Күйді ести отырып көз алдыларыңа нені елестеттіндер?	әсерлерін жеткізуге тырысады.
Ән үйрену	Ән айту; «Білімнің бұлағым» (Муз Т. Коңыратпай). -Білім деген сөздің өзі дүниені, әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам жан жақты адам	Балалар білім туралы білгендерін жеткізеді.
Әуенді - ырғакты қимыл	Ойын; «Айгөлек» Балалар екі топқа бөлініп қол ұстасып бір – біріне қарама-қарсы тұрады. Жеребе бойынша бір қоманда ойынды бастайды. Әнді кезектесіп айтып бір баланы шақырады. Ол бала жүгіріп келіп ұстасқан қолдарын үзіп өтсе қолдарын жіберген екі баланың қалаған біреуін Би; «Жұптасу би!» Балалар жұппен қимыл жасап әуенді тыңдай отырып әуенге лесе қимылдар жасайды.	Балалар ойынның әуенін бірге айтып ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Бүгін қандай күн? -Бүгін қандай музыка тыңдадыңдар? -Күй дегеніміз не? -Әнде не туралы айтылады? -Қандай ойынмен таныстыңдар? -Бүтінгі іс – әрекеттеріңің қай түрі сендерге ұнады?	Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: әнді бір калыпты мәнерлеп айтуды, тыңдаған шығармаларды қабылдап серінуді, сипаттауды білу керек.

Нені игереді: «білім», «бұлағым» деген түсініктерді.

Нені біледі: әнді табиғи дағыспен орындайды. Шығарманың мазмұнын сипаттай алады. Әуенге ілесе қимылдар жасайды.

Күні: Қыркүйек

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: Нота үйренейік

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: Музыка дыбыстарының аттарымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.

Көрнекілік: бес сзыық, бес сзыықта орналасқан ноталар.

Алдын ала орындалатын жұмыс: кітап дәптер қаламдармен таныстыру.

Сөздік жұмыс: бес сзыық, нота.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру . шаттық шеңберін жасау.</p> <p>Үйренсек нотаны, Ән де саламыз Барлығын оп- онай Жаттап аламыз.</p>	Балалар көңілді әуенмен залға кіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>-Біз сөзді оқығанда әріптерді бір – біріне қосып , сөздерді байланыстырып оқимыз. Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз.</p> <p>Нота дегеніміз музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нота арқылы жазылады. Нотаның әннің сөзін жазып , оны айтамыз.</p>	Балалар нота сауаты туралы мағлұмат алады.
Ән тыңдау	<p>Музыка тыңдау : «Гүлдерайым» (халық әні)</p> <p>-Гүлдерайым лирикалық ән. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзіне жақсы көретін адамына, жер – су ға арнап ән жазған. Ол әндер уызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалады. Бұндай әндерді халық әндеі дейді.</p>	Балалар музыканы тыңдаپ болғансон өз әсерлерін жеткізуге тырысады.
Ән үйрену	Ән айту: «До-ре-ми» (сөзі мен әнін жазған Ә. Байділдаев)	Әннің не туралы екенін ,

	<p>Нота аттарын атап өту; до, ре, ми, фа, соль, ля, си. Қазақ тілінде 42 әріп болса , музыкада 7 нота болады.</p> <p>Ол наталар бес сзыық бойымен жазылады. Ноталар іші боялған, таяғы бар, жалаушасы бар домалак түрде болады. Θ.</p> <p>Байділдаев осы ноталарды әнге қосып жырлаған.</p>	нота аттарын естеріне сақтауға тырыады.
Әуенді - ырғақты қимыл	<p>Дидактикалық ойын: «Ноталарды үйренейік, сольфеджио».</p> <p>Балаларға нота туралы мәлімет берे отырып, нотаның орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру.</p> <p>Би: «Жұптасу би!». Өткен сабакты қайталау.</p>	Балалар ойынның әуенін бірге айтып ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	<ul style="list-style-type: none"> -Бүгін қандай ән тындағы? -Кім туралы ? -Әнде не туралы айтылған? -Музыкада неше нота бар? -Бүгінгі іс- әрекеттің қай бөлімі ұнады? <p>Қорытындылау , мадақтау.</p>	Балалар қойылған сұрақтарға жауап беруге талпынады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: нота туралы мағлұматтар

Нені игереді: нота сзықтарын, нота.

Нені біледі: әнді табиғи дауыспен орындайды. Нота туралы түсініктерді ұғына отырып, ойнау дағдылары қлыптасады.

Күні: Қыркүйек

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: ән арқылы балалардың бойына адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекілік: бақытты балалар бейнелері салынған суреттер.

Алдын ала орындалатын жұмыс: би өнері туралы бейне таспалар көру.

Сөздік жұмыс: вальс, полька, қазақ биі.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Музыка әуенімен балаларды музыка залына қарсы ала.</p> <p>Шеңбер бойында шаттық шеңберін жасап, жер анаға, күнге досына жылы лебіздерін жеткізеді.</p> <p>Камзол киген қынай бел</p> <p>Толған ою- өрнекке</p> <p>Билеші деп сұрайды ел,</p> <p>Өнерімді көрмекке.</p>	Балалар көңілді әуенмен залға кіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>-Балалар сендер әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді теледидардан көріп жүрсіндер.</p> <p>Би- ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді.</p> <p>Балалар бүгін біз сол билерден үзінді тыңдаймыз.</p>	Балар билер туралы ойларын қоса отырады.
Ән тындау	<p>Музыка тындау: «вальс, полька, қамажай».</p> <p>Вальс – жұптасып, ұдемелі айналуда өтетін би.</p> <p>Полька- жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.</p> <p>Қамажай- қазақ халқының ұлттық биі. Көбінесе аяқты шалыс баса жүріп, жұн тұты, үршық іиру, киіз басу, айнаға қарау сиқылды қимылдармен би өрнектерін жасайды.</p>	Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды.

Ән үйрену	<p>Ән айту: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлдебай, Е. Өтетілеуұлы)</p> <ul style="list-style-type: none"> -Әнде не туралы айтылған? -Ән көңілді ме әлде көңілсізбे? -Көңілді әндерді мажорлы, көңілсіз әндерді минорлы деп болеміз. Бізжің шырқаған әніміз қайсысына жатады? Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту. 	Көңілді және көңілсіз әндерді ажыратуға тырысады.
Әуенді - ырғакты қымыл	<p>Ойни; «Ән салған кім?»</p> <p>Балалар шенберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдал, кім екенін ажырату. Отырган бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады.</p> <p>Әуенді қымыл; топты үшке бөліп, бінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді, үшінші топқа қамажай ырғағының қымылдарын жасату.</p>	Балалар ойынның ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>-Балалар бүгінгі іс-әрекетімізде көмей музика тыңдадық?</p> <p>-Соңғы не туралы айтылған?</p> <p>Оңтүстік жақсы ажыратқан балалы ерекше мадақтау.</p> <p>Көзінің тыңдылау, бағалау.</p>	Балалар қойылған сұраптарға жауап беруге талпынады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: дауыс темпе сәйкес балалардың дауыстарын ажыратады.

Нені игереді: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.

Нені біледі: түрлі би элементтеріне сай қымыл жасау.

Күні: Қыркүйек

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Біздің аспаптар»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: ән, музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуғе, күз құбылыстарын ажыраты білуғе үйрету.

Көрнекілік: күздің суреті, ерте күз бен қоңыр күздің суреттері, асатаяқ.

Алдын ала орындалатын жұмыс: жыл мезгілдерін білу

Сөздік жұмыс: алтын күз, күз жомарт.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды музыка залыда музыка өүенімен қарсы алады. Шеңбер жасап шаттық шеңберін жасау; Күзім- ау, күзім –ау, Мінезің бұзық –ау Жанбырың сіркіреп Келгенің қызық – ау.	Балалар көnlді өуенмен залға кіреді.
Үйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазыр жылдың қай мезгілі? -Ауа райы қандай? -Табиғата қандай құбылыстарды байқадындар? -Күзді қалай атауга болады? -Күзде жауын көп жауып күн сұытады. Жемістер көк- өністер піседі. Күзді көбінесе «алтын күз», «жомарт күз» деп атайды.	Балалар күз туралы білгендерін әнгімелеп беруге тырысады.
Ән тындау	Музыка тындау: «балбирауын» (Құрманғазы) -Құрманғазы күй атасы дейміз. Құрманғазы жастайынан зерек болған. Кішкене бала кезден ак үшін құстың, соққан жедің, әрбір құбылыстың өзіне мән беріп, ести білген. Бала кезінде мал соңында жүріп, кішкене домбыра жасап алып, осы естігендерін домбыраға салып тарғып үйренген. Оның; «аман бол шешем аман бол», «Саршарқа», «Кісен ашқан»,	Балалар композитор туралы мағлұматты тындаپ, күйден алған әсерін әнгімелеп беруге тырысады.

	«Тұрмеден қашқан» күйлерді шығарған. Қазір тыңдайтын күйлерінің аты «балбырауын»	
Ән үйрену	Ән айту; «Күз» (Қ. Шілдебаев, И.Сапарбай) Әнді музыка жетекшісі орындал береді. Балалардан әнде не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің мәтінін талдап, әуенмен қосылып үйренеді. Өткен әндерді қайталау, әнді мәтініне келтіріп айқайlamай орындау.	Әннің не туралы айтылғанын үғып , соған орыай жауап береді.
Әуенді - ырғакты қимыл	Ойын; «Ән салған кім?» Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте , балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдалап, кім екенін ажырату. Отырған бала ән салған баланың дауысын таныса , орын ауыстырады. Әуенді қимыл; топты үшке бөліп , бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді, үшінші топқа қамажай ырғағының қимылдарын жасату.	Балалар ойынның ойнайды. Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар біз қаній жыл мезгілі туралы айттық, қандай композитормен таныстырық? -Қандай күй тыңдадық? Ол күй не туралы? -Қандай аспаппен таныстырық? Қорытындылау.	Балалар қойылған сұрактарға жауап беруге талпынады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: күз құбылыстарын, білу керек.

Нені игереді: алтын күз, жомарт күз асатаяқ деген ұғымдарды менгерді.

Нені біледі: музыкаға ілесіп, ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын менгереді.

Күні: Қазан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Күзгі серуен"

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: әнді бір қалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдан сезіну, сипаттай білуғе баулу. Музыкаға сәйкес қымылдан, билеуге дағдыландыру.

Көрнекілік: күзгі бақ көрінісі, суреттер

Алдын ала орындалатын жұмыс: күзгі жапырақтар, балапандардың және есенінің, қарақұстың атрибуттары, бірнеше шығармашылық (обруч)

Сөздік жұмыс: Лирикалық әуен

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<p>Ай жапырақ, сары алтын, Айналаның бәрі алтын, Куандырып біздерді Сары алтын күз келді. - балалар, күз мезгілі сендерге ұнай ма? Бәріміз күзгі баққа серуенге барайық. Марш: балалар шенбер бойынмен жүреді.</p>	<p>Балалар залға кіріп күзгі көріністі тамашалайды.</p> <p>Марш екпінімен жүреді</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>- Күзгі баққа да келдік! Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты. Жұмбақ жасыру: Ағайынды бәрі Шықса көк, Түссе бәрі. Бұл не? Күзгі жапырақтарды жинап алып, көңілді әуенмен би билейік. "Күзгі жапырақтар" биі биленеді</p> <p>Жел тынымсыз гүілдеп, Болып кетті тым бұзық. Шуылдайды тал-терек Жапырағын жұлғызып. - Бактағы ағаш жапырақтары желмен тербеліп, сыйырлап тұргандай. Бүгін біз орыс композиторы П.И. Чайковскиймен танысамыз (суреті көрсетіледі) Композитордың "Жыл мезгілдері", "Гүлдеп вальсі" жазған шығармалары бар.</p>	<p>Күзгі көріністі тамашалайды</p> <p>Жапырақ</p> <p>Жапырақтармен әуен ыргағына қарай қозғалып, билейді</p> <p>Композитор туралы тындал мәлімет алады, танысады.</p> <p>Композитордың шығармасын еке сақтауға тырысады</p>
Ән тындау	"Күзгі ән" әуенде не туралы айтады	Әуенді тындал,

	<p>екен, тыңдайық.</p> <p>- Шығарманың көніл күйі, сипаты қандай екен?</p> <p>-Бұл әуеннен нені сезініп, түсіндіндер? (балалардың жауаптарын тыңдалап, белсene қатысуына ықпал жасайды)</p>	<p>әсер алады Мұнды баяу, лирикалық әуен</p>
Ән үйрену	<p>Дауыс жаттығулары "Күзгі жел" әніне жасалады</p> <p>Терен тыныс алып, дауысты еркін шығаруға үйретеді.</p> <p>Алма пісіп, алмұрт түсіп, Күзде бақтар жайнайды.</p> <p>Құстар қайтып, кош айтсып, Қимас үнмен сайрайды.</p> <p>"Күз" әні. Әнді орындалап, сипатын ажыратуды, мазмұнын әңгілемелеуді сұрайды.</p> <p>- Әнде не туралы айттылды?</p> <p>-Күз әнінің сипаты қандай?</p> <p>Балалардың жауаптарын тыңдалап, толықтырып, "лирикалық әуен" деген үғымды түсіндіреді, бекітеді.</p>	<p>Фраза арасында дұрыс тыныс алуды үйренеді.</p> <p>Әнді нақышына келтіріп, хормен және жеке дауыста орындаиды.</p> <p>Сұрактарға белсene жауап береді.</p>
Әуенді - ырғакты қимыл	"Етек-етек" Ойынның шартын, мәтінін алдын ала түсіндіріп үйретіледі. Құстар атрибуттары колданылады.	
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>- Балалар, сендерге күзгі бақ ұнады ма?</p> <p>- Бақ ішінде қандай өзгерістер көрдіндер?</p> <p>-Қандай лирикалық әуендер? тыңдадындар?</p> <p>Үйрентген жаңа әніміз қалай аталады?</p>	<p>Балалар қойылған сұрактарға жауап береді</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: әнді бір қалыпты мәнерлеп айтуды, тыңдаған шығармаларды қабылдан сезінуді, сипаттауды білу керек.

Нені игереді: музыканы есте сактау арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін ажыратады. П.И. Чайковский туралы тісінік алады.

Нені біледі: әнді табиғи дауыспен орындаиды. Шығарманың мазмұнын сипаттай алады.Әуенге ілесе қимылдар жасайды.

Күні: Қазан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Жомарт күз"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: Күй тыңдау арқылы ой-сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру.

Күй туралы, күйші Тәттібет туралы мәлімет беру, түсіндіру. Үлттық би элеенттерін үйретуді жалғастыру.

Көрнекілік: Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттер, слайдтар, көрмелер.

Сөздік жұмыс: шертпе күй, жомарт күз, тұмарша, шабандоз.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-көзғаушылық	<p>"Қазақ маршы" (А. Затаевич) ойналып, балаларға марш екпінін сезіне шенбер бойымен жүгіруді ұсыну.</p> <p><i>Күй тыңдалып тамаша, Әуенге ілесін, Түрленіп, иіліп, Білрейік жасарас!</i></p> <p>"Қазақ биі" (Л. Мусин) әуеніне би қимылдарын үйретеді. Ұлдарға "Шабандоз", қыздарға "тұмарша", "тарап" элементтерін үйрету.</p> <p>Ауыспалы адыммен жүргендерін, тұлғаларын түзу ұстаудың қадағалау.</p> <p><i>Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жасырақ Күзегі бақта күлімдеп, Көз тартауды атырап.</i></p> <p>Балаларды күзгі жапырақпен билеуге шакыру.</p> <p>"Күзгі жапырактар" биі үйретіледі.</p>	<p>Балалар шенбер бойымен нық баса адымдап жүреді.</p> <p>Ұлдар "шабандоз" қимылын көрсетуді. Қыздар "тұмарша" (колдарын жоғары көтеріп, алакандарын түйістіреді) "тарап" биі тізелері бүгіп басты онға, солға бұрады. Балалар жапырактарды алып, би қимылдарын қайталайды.</p>
Үйымдастырушылық-ізденістік	<p>Күй - халық музыкасы. Күйді музыкалық аспапта ойнайды. Күй өнері туралы түсінік беру. Жұмбак жасыру:</p> <p><i>Ұзын мойын екі ішек, Қатар-қатар тенкішек. Басып қалсаң бір-бірлеп Күй шығады күмбірлеп.</i></p> <p>Күйші Тәттібет туралы әнгімелеп, суретін көрсету таныстыру. Шертпе күйдің шебері Тәттібет жас кезінен домбыра тартып үйренген. Оның "Былұылдақ", "Сылқылдақ" деген күйлері бар.</p>	<p>Күй туралы түсініп, мәлімет алады. Жұмбак шешуін бірігіп, ойланған шешуін табады. Домбыра</p>
Күй тыңдау	<p>Күйшінің "Саржайлау" күйін үнтаспадан тыңдау. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, әнгімелеп беру.</p> <p>Күйден алған көніл күй, ой-сезімі мен толғаныстары туралы сұрап, әнгімеге тарту.</p>	<p>Күйші туралы біліп, есте сақтайды. Күйші шығармалары туралы естіп, түсінеді. "Саржайлау" күйін тыңдап, әсер алады.</p>

Ән үйрену	<p>Дауыс жаттығуы "Саржайлау" күйінің әуеніне "ля" буыны айтылады. Денелерін еркін, бос ұстап, дыбыстарды таза айтуда үрету.</p> <p>Домбыра, домбыра, Құлағыңды оң бұра! "Р" дыбысын анық, таза айтуда дағыландыру. Алма, алмұрт, шие, алша, Жеміс-жидек піседі. Қауын, карбыз, пияз, сәбіз Көкеністің бәрі де Айтындаршы, қай мезгілде Дүкендерге түседі? Жомарт күздің біздерге Берерін алып, шашпайық. Алтын күзге арналған, Әнімізді бастайық!- деп "Күз" әнін қайталау. "Күз - жомарт" (музыкасын жазған Дүнгенбай Ботпаев) суретін көрсету. - Неліктен күзді жомарт деген? - Ақын күзгі ауа райы қалай сипатталған? Әнді үретіп, "ля" буынына әндете айтуды ұсыну.</p>	<p>Дауыс жаттығуын таза, әндете айтады. Домбыра ойнау ишарасын жасап көрсетеді. "Р" дыбысын анық айтуда машиқтанады. Көкеністер туралы тақпакты қайталап, еске сақтауға талпынады., сұрактарға жауап береді.</p> <p>Әнді тыңдалап, мазмұнын түсінуге тырысады. Ән авторларын туралы естіп, суреттерін көріп танысады.</p>
Әуенді - ырғакты қимыл	<p>Жігіттердің биши аяғы, Би дегенде тұра алмас. Көңілді би билеп берсе, Қыздар қалай қуанбас. "Шабандоздар" ұлдарға бидің бірнеше элементтерін үрету. Қыздар ырғакпен шапалақтап, қошемет көрсетеді.</p>	<p>Мәнтінге лайық қимылдарды бірге жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзетушілік	<ul style="list-style-type: none"> - Қандай күйші - композитор туралы әңгімеледік? - Қандай күй тыңдаудыңдар? - Үйренген әніміз қалай аталады? - Қандай би қимылдарын есте сақтадыңдар? - Әнді жазған композитор кім? 	<p>Балалар қойылған сұрактарға бар ынтасымен тыңдалап, толық жауап беруге әрекеттенеді. Балалар көтерінкі көңіл күймен қоштасып, шығып кетеді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: ұлттық музикалық шығармаларды танып білу, ұлттық музика аспаптары дауыс ажыратуды, күйді тыңдалап, сипатын анықтай білуі керек.

Нені игереді: әуенге сай ұлттық би қимылдарын үренип, еркін қозғалады. Күйші композиторлар туралы біліп, олардың шығармалары туралы түсінеді.

Нені біледі: әнді динамикалық белгілеріне сай айта алады, ән әуенін тыңдалап, мазмұнын елестете әңгімеледеуді

Күні: Қазан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Күзгі жаңбыр"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: Әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету. Дикцияның тазалығына, әнді анық айтуға дағдыландыру.

Көрнекілік: күзгі жаңбырды бейнелейтін суреттер.

Сөздік жұмыс: дикция, эмоция

Оқу іс - әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<p>"Вальс" әуенімен балаларды қарсы алғып ырғакқа ілесе, аяқ ұшымен жеңіл жүтіруді, екеуден қол ұстасып, шенбер бойымен жүгіреді. Үнтаспадан күннің күркірекенін естіледі. Жетекші қолына қолшаты алғып, балаларға жасырынуды ұсыну.</p> <p><i>Біз көңілді булдірішиң, Сескенбейміз жаңбырдан. Қолшатырды ашамыз, Жаңбырдан біз қашамыз!</i></p> <p>"Жаңбыр жауды" әуені ойналып, балаларға тыңдату. әуендеңі жаңбыр дыбысын, тамшылар тырсылын естіп, сезіндендері туралы әнгімелейді</p>	<p>Әнді тыңдай жүріп, жеңіл жүгіреді, қол ұстасып айналады. Ырғакты сезіне тербеліп, жеңіл шенбер бойымен жүтіреді.</p> <p>Балалар қолшатырға жүгіріп тез жасырынып үлгеруге тырысады.</p> <p>"Жаңбыр жауды" әуенін тыңдап, тамшылар тырсылын сезінеді.</p>
Үйымдастырушылық-ізденістік	<p>Жұмбақ жасыру:</p> <p>Жауын жауса Тысқа шығады Жаумаса оны, Бұрышка тығады.</p> <p>Би: "Көңілді қолшатырлар" биі орындалады.</p> <p><i>Аспанда қаптаған, Бұлттың таптаған. Жоңқіліп көшиеді, Суық жесел еседі.</i></p> <p>"Табиғат әуендері" жинағынан жаңбырдың дыбысын естиді.</p> <p>- Күзгі жаңбырдың әуені көңілсіз, мұнды болсада, біз көңілімізді түсірмейміз. Енді жаңбыр туралы көңілді ән тыңдайық.</p>	<p>Шешуі: Қолшатыр</p> <p>Колшатырды ұстап, бірге қимылдауға, әуенмен қозғалуға үйренеді.</p> <p>Көңілсіз әуенді тыңдап, күз құбылыстарын сезіп, мұнажды.</p> <p>Әнді тыңдап, көңіл күйлері көтеріледі.</p>
Ән тыңдау	<p>"Жаңбыр шақыру"</p> <p>(Д. Ботпаев, Қ. Ырза Әли) әнін орындаиды.</p> <p>- Әннің сипаты қандай?</p> <p>- Жаңбырдың қандай пайдасы бар?</p>	<p>Күзгі көріністі бейнелейтін суреттерді тамашалайды</p>
Ән үйрену	<p>Дауыс жаттығуы: "Жаңбыр" <i>Күркіреді күн-күн,</i></p>	<p>Дауыс жаттығуларын таза</p>

	<p><i>Терезелер шың-шың,</i> <i>Жауды жсаңбыр топ-топ,</i> <i>Шелек-шелек, көп-көп,</i> <i>Жон арқаңды тос-тос,</i> <i>Күнбагыс, тез өс-өс.</i></p> <p>"Жау-жау, жаңбыр" (К. Дүйсекеев, Ш. Сариеv) Өн мәтіні туралы сұрап, балалардың жауаптарын тыңдау, толықтырып, түсіндіру. Көпозитор Кенес Дүйсекеев туралы мәдімет беріп, суретін көрсету, таныстыру.</p>	<p>айтуға дағдыланады. Тақпакты бірге қосыла қайтаап, қимылдарын көрсетеді. Сұрактарға жауап береді, ән мазмұнын толық түсінеді. Композитор туралы мәлімет алады.</p>
Ойын	<p>"Жаңбыр әуені" әуеніне ойын ұйымдастыру. Әуенге ілесе саусақтарын тырсылдатып, шапалактап, динаминалық белгілерді көрсету (f.p) көрсетулерін бақылау, үрету.</p>	<p>Саусақтарымен тырсылдату арқылы жаңбыр тамшыларын, шапалақпен жаңбырдың қатты және ақырын жауғанын тамшылар дыбысын салады. Динамикалық белгілерді есте сактауға тырысады.</p>
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>Металлофонда ойнап үйрену. Таяқшаны дұрыс ұстап соға білуге, әуенді тыңдалап, қалыспай ойнауға дағдыландыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Күз мезгіліндегі құбылыстарды айтып беріндер? - Неліктен күзгі жаңбыр мұнды көніл күй сыйлайды? - Қай композитор туралы естіп, білдіндер? - Сендерге күзгі жаңбыр ұнай ма? <p>Неліктен?</p>	<p>Металлофонда әуенді дәл ырғағымен, таза орындауға машиқтанады.</p> <p>Балалар сұрактарға жауап береді. Оқу іс-әрекетінде еске сактауға талпынады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: естіген сипатын, екпінін, динамикасын ажыратуды.

Нені игереді: металлофон аспабында бірге ойнауды, әнді бірге және жеке дауыста нақышына келтіре орындауы.

Нені біледі: әуеннің ауыспалысипатын ажыратуды, әннің көніл күйін өз эмоцияларымен көрсете білуді.

Күні: Қазан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Сабантойды тойлаймыз"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай ғибадатта, ойында мазмұнын жете түсінуде, есту қабілеттің дамытуға баулу. Сабан той мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл –күй сыйлау.

Көрнекілік: «күзгі қойнау», «Қырман басында» , «Күзгі егістік», «Сабан тойда» тақырыбында суреттер.

Сөздік жұмыс: сабан той, қырман, алтыбақан.

Оқу іс - әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<p>«Колхоздағы той» әуені (Брусиловский) орындалып, жетекші балаларды қарсы алып, көңілді ырғак әуеніне өз беттерінше таныс би қимылдарын орындағып, шығармашылық қабілеттерін байқайды. Тұмарша, шабандоз, малдас құру, қимылдарын дұрыс жасауын қадағалайды.</p> <p>Көрші байтак өнірде, Қызыл қырман береке. Астық толы көңілді Қызық думан мереке. Әуен аяқталысымен қырман басына егістікке баруды ұсынады.</p>	Би қымылдарын әуенмен үлестіре билейді. Қымылдарды әуен ырғағымен көрсетеді.
Үйымдастырушылық-ізденістік	<p>Балбырауын – күйінің ырғағымен құлыншақ шабысын көрсете шенбер бойымен жүреді. Жетекші қырманда, күзгі жиын терін суреттерін көрсетіп, әңгімелейді.</p> <p>-Міне қырмандағы жиын –терінде де аяқталды. Халық қоймаларын астықта толтырып , енді демалып, сабантой жасайды. Сабантой- еңбек қуанышы, молшылық мерекесі. Халық ән айтып би билеп, түрлі ойындар ойнап, көңіл көтереді.</p>	Балалар сабантой туралы мағлұмат алады.
Ән тыңдау	<p>Балалар бүгін біз сендермен «Тойбастар» күйін тыңдаймыз. Бұл күйді шығарған Дина апамызы.</p> <p>Ол кісі тоғыз жасынан бастап домбырады ойнаған. Атақты күйші Күрмангазының шәкірті. Балалардан күйден алған әсері туралы сұрайды.</p> <p>-Күйдің сипаты қандай?</p> <p>-Көз алдарына не елестеде аласындар?</p> <p>Осы күй дің әуеніне дауыс жаттығуын жасауды ұсынады.</p>	Күйді тыңдалап көңіл –күй сипатын әңгімелейді.
Ән үйрену	<p>Бүгін біз сендермен Е. Хасанағалиевтің «Сабантой» әнін тыңдаймыз. Осы әннің көңіл – күйін, екпінін, әннің сипатын анықтауды ұсынады. Ән шапалақпен көрсетіп, ауыспалы сипатын анықтау.</p> <p>Әр жыл сайын қарсы алып</p>	Тақпакты қайталап есте сактауға , жатқа айтуға үйренеді.

	Сабантойды тойлаймыз Өлең астып ән салып Қызағына тоймаймыз.	
Ойын	Тенге алу, сақина салу, алтыбақан ұлттық ойындарын ұсынады. Би; «Көкпар» бинің элементтерін үретеді. -Сабантой қай мезгілде болады? -Сабантой қалай тойланады?	Ұлттық ойындарға үйымдастан түрде белсene қатысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Металлофонда ойнап үрену. Таяқшаны дұрыс ұстап соға білуге, әуенді тыңдал, қалыспай ойнауға дағдыландыру. - Күз мезгіліндегі күбілыштарды айтып беріндер? - Неліктен күзгі жаңбыр мұнды көніл күй сыйлайды? - Қай композитор туралы естіп, білдіндер? - Сендерге күзгі жаңбыр ұнай ма? Неліктен? -Қандай күй тыңдадындар? -Кім сабантой мерекесіне қатысып көрді? Сұрақтар қойылып , оку іс-әрекетін менгеру деңгейін анықтайды.	Металлофонда әуенді дәл ырғағымен, таза орындауға машықтанады. Балалар сұрақтарға жауап береді. Ойларын жүйелі түрде жеткізеді.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: күй сипатын, мазмұнын ажыратуды, шығармаларды кіріспесінен немесе үзіндісінен танып білуді, әнді сипатына сай орындауды.

Нені игереді: күй сипатын мазмұнын ажыратуды, күйші композитор Дина Нұрпейсова туралы мәліметті, ұлттық би элементтерін ырғақпен билеуді.

Нені біледі: сабантой туралы біліп түсінеді, әнді таза, әуенімен жеке және хормен айта білуді.

Күні: Қараша

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: "Сүйікті қалам Алматы"

Білім көздері: Музыка

Мақсаты: музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл-күй силай білуге үйрету.

Көрнекілік: Нұргиса Тлендиевтің портреті. Алатау көрінісін бейнелейтін суреттер.

Сөздік жұмыс: оркестр, шығарма, ән, күй.

Оқу іс - әрекет кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Мерекелік марш» әуенімен Жамбыл атындағы филармонияға сазгер Нұргиса Тілендиевтің шығармашылығымен танысуға баруды ұсынады. Ырғақты тыңдалап бірдей жүруді ұсынады. Балаларға филармония кімнің атында және оркестрде қандай аспаптар барлығын естеране сактауды сұрайды. -Театрда қалай отырамыз? – деп әрі қарай шығарма тыңдауды ұсынады.	Балалар мерекелік маршты тыңдауға ырғақын сезінуге тырысады. Балалар филармонияны, аспаптарды есіне түсіреді.
Үйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға композитор Н. Тілендиевтің суретін көрсетеді, таныстырады. Н.Тілендиев композитор, күйші, дирижер екенін айтып, интерактивті тақтаға назар аударады. Н.Тілендиев өмірінен, «Отыrap сазы» оркестрінің концертінен үзінділерді көруге шакырады. Музыканың түрлерін айтып түсіндіреді. Ән, күй, аспапта орындалатын шығармаларды көреді, тыңдайды.	Балалар Н.Тілендиевтің шығармаларын тыңдайды, сазгер, дирижер деп айтуға талпынады.
Ән тыңдау	Музыка тыңдау «Вальс» (Чайковский) «Детская полька» (Глинка) «Акку» (Н. Тілендиев)	Күйді тыңдалап көңіл –күй сипатын әңгімелейді.
Ән үйрену	«Алатау» (Н. Тілендиев) әнін ұнтаспаны қолданып үйретеді. Әннің мазмұнына тоқталады, түсіндіреді Дауыс жаттығу «Менің елім» әніне жасайды.	Балалар «Алатау» тыңдайды қуанышты жігерлі ән екенін айтады.

Ойын	Би «Асатаяқ» биіне қыздарды шақырады. Н. Тілендиевтің «Ататолғай» күйін тыңдай жүріп ырғактарды қайталауға үйретеді. Қолдарына кішкене асатаяқ макетін беріп оны ұстауға үйретеді. Викторина; Аспаптардың дыбысын ажырат.	Қыздар күйді тыңдай жүріп, асатаяқты ұстап ырғактарды қайталауға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Үрмелі аспаптардың дауыстарын ажыраады. Атын атап айтады. Балаларды жақсы қатысқаны үшін мадақтайды. Бүгінгі сазды әуеннен алған әсерін бейнелеу арқылы жеткізууді тапсырады.	Балалар ойынға қызыға қатысады, есіне түсіреді. Аспаптардың дауысын ажыратып, атын айтуда тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: музыкалық шығармаларды тыңдалап, сипатын ажырата білу керек.

Әнді мәнерлеп айтады.

Нені игереді: дидактикалық үлестірмелі текшелерді пайдалана білуді, аспаптарды тыңдалап, дауысын ажырата білуді, аспапта ойнауды.

Нені біледі: музыканы тыңдалап би ырғактына қимылдауды.

Күні: Қараша

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Гүлдене бер, Астана»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музика ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажыратада білу, музыканың динамикалық және карқындық өзгерістерін сезіну. Әнді көнілді, ынталы орындауға төсөлдіру.

Көрнекілік: дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер, интерактивті тақта, үнтаспа, иллюстрация.

Сөздік жұмыс: Көнілді, жігерлі, сабырлы.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музика жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-көзғаушылық	<p>Жетекші балаларды «Көнілді марш» ырғағымен күтіп алады.</p> <p><i>Жаттықтырып денені, Жаттыгууды бастаймыз. Бір-екі, бір-екі, Адымдан біз жүреміз,-</i></p> <p>деп, «Музика ырғағымен жаттығамыз» ырғакты қимылдарын ұсынады. «Сәлемдесу жаттығуын» жалғастырады. Балаларға пойызға отырып, Астанаға аттануды ұсынады.</p> <p>Рәп ырғағымен әндедегі:</p> <p><i>Гүлдене бер, Астана! Пыш, пыш, пыш, пыш. Астанамыз- бас қала! Гу-гу-гу-гу. Жасай берсін кең дала! Бір, екі, уи, төрт, Тоқтатамыз пойызды, Пыш, пыш, пыш, пыш.</i></p> <p>Екі рет қайталайды.</p>	<p>Балалар үйренеген ырғактарымен дene жаттығуын жасауға талпынады. Бәрі бірге қосылып сәлемдеседі.</p> <p>Балалар пойызға отырып, өлең ырғағымен жана «рәп» қимылдарын жасауға, сөздерді бірге қайталауға тырысады. Еркін айтуда тырысады.</p>
Үйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға иллюстрацияны пайдаланып (интерактивті тақтада) Астана туралы түсінік береді.	Балалар суретті қызыға қарайды.
Ән тыңдау	<p>«Аскакта, Астана!» (А. Әлиев, Н. Айтұлы) әнін тыңдауды ұсынады. Әннің мазмұнына, әуеніне, ырғағына көніл бөлуді сүрайды.</p> <p>-Астана қандай қала? -Әннің сипатын ажырат.</p>	Балалар әнді тыңдайды Астана-әдемі, жана қала.
Ән айту	<p>Дауыс жаттығуы: «Менің елім» (Г. Абдрахманова) әнін бірнеше рет айтқызады.</p> <p>Ән үйрену: «Бәйтерек» (Б. Әлімжан, Ж. Маханбетова). Бәйтерек туралы бірнеше сұрақтар қояды. Ән салғанда олардың сөзін анық айтудына, бірге бастап, бірге аяқтауды назар аударады.</p>	Балалар әнді бірінші тыңдап алғып, сұрақтарға жауап береді. Әнді анық айтуда тырысады.
Әуенде қимыл - қозғалыс	Би « Кара жорға ». Балаларды тұрғызып, би қимылдарын көрсетеді. «Айналма»,	Балалар өз орындарына

	<p>«Ашамай», «Сырға», «Толқын», «Иек», «буын» қимылдары. Иық, аяқ, бел, мойын буындарының еркін, ыргатылып қимылдаудың үйретеді. («Билеп үйренейік»).</p> <p>Балаларды киялына байланысты би жарысын ұйымдастырады, өз бетінше билеуге ерік береді.</p>	<p>тұрып, би қимылдарын қайталайды, әуенмен ілесе қимылдауға тырысады.</p> <p>Балалар өздері би құрастыруға тырысады.</p>
Музыкалық - дидактикалық ойындар	<p>«Сипатын ажырат». Бала саны бойынша айналмалы дөңгелек таратып беріп, К.Құсайыновтың «Сәби қуанышы» шығармасын, «Асқақта, Астана!» әнін; П. Чайковскийдің «Қазан» шығармасын тыңдалап ажыратуды ұсынады.</p> <p>Ойын: «Мен күшімін».</p> <p>Балаларды шенберге тұрғызып, бастаушы баланың қолына домбыра береді. Бастаушы берілген күйге шенбер ішімен айнала билеп жүреді, балалар орнында билеп тұрады. Күй токтаганда бастаушы өзі қалаған екі баланың ортасына тұра калады, он жақтағы бала оңға қарай, сол жақтағы солға қарай шенбердің сыртымен билеп келіп, қай бастаушы баладан домбыра алса, сол бала бастаушы болып, ойынды әрі қарай жалғастырады.</p>	<p>Шығармаларды тыңдалап, сипаттарын ажыратуға тырысады.</p> <p>«Көңілді, жігерлі, сабырлы» деп жауап береді.</p> <p>Балалар ойынға қызыға қатысып, бәрі де күйші болып, домбыра аспабын ұстауға тырысады.</p> <p>Домбырамен билеп келіп, шартты бұзбауға талпынады.</p>
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>-Музыканы тыңдаған ұнай ма?</p> <p>-Кім әнді жеке айтқысы келеді?</p> <p>-Қандай композиторларды білесіндер?</p> <p>-Келесі жолы барлық тыңдаған шығармаларды ажыратып жарысамыз.</p> <p>-Сендер өте жақсы ән салып, би биледіндер.</p>	<p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: музыканы, ыргакты сезіну, сипаттарды ажырата білуі керек. Музыканың динамикасын, қарқынның білуі керек.

Нені игереді: үлестірмелі дөңгелек-текшелермен ойнауды, сипаттарын айналдыру арқылы табуды игереді.

Нені менгереді: музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би ұлгілерін қайталап көрсетуді.

Күні: Қараша

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Жомарт өлкем»

Білім көздері: Өн-күй

Мақсаты: музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу. Тұған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.

Көрнекілік: ноталар, нота сызықтары.

Сөздік жұмыс: ноталар, елім менің, қысқа, ұзак.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	<p>Жетекші балаларды «<i>Мениң елім</i>» әнімен (Н. Назарбаев, Б. Тілеухан) қарсы алады.</p> <p>Жалаушалармен жаттығу жасайтынын айтып, орындарына тұрғызып үретеді.</p> <p><i>Тұған жердің жырларын Қызғалдақтай тереійік. Кең өлкенің қырларын Жүр, аралап келейік!-</i></p> <p>деп ақын М. Әлімбаев тұған жерін осылай жырлапты.</p> <p>Музыка тыңдау: «<i>Тұған ел</i>» әнін (Л. Хамиди) отырып тыңдайық.</p> <p>-Әнді кім жазған?</p> <p>Балаларды дидактикалық ойын ойнауга үйымдастырады.</p>	<p>Балалар екі қолына жалаушалар ұстап жүреді; сапты бұзбауға, үш қатарға бөлінуге тырысады.</p> <p>Балалар өлеңді тыңдайды. «Тұған жер» өлеңін есіне түсіріп айтуға тырысады.</p> <p>Композитор</p>
Үйымдастырушылық- ізденістік	<p>Дидактикалық ойын: «Ноталарды орналастыр».</p> <p>-Қандай ноталар болады?</p> <p>-Ән қанша нотадан тұрады?</p> <p>Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды композитор дейміз.</p> <p>Қазақ ССР-не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамиидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л. Хамиидің жазған әндері өте көп, оның ішінде ІІ. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар.</p> <p>Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратады.</p> <p>(Нота сызықтары мен ноталар).</p>	<p>Балалар ноталарды есіне түсіреді.</p> <p>Қысқа, ұзак</p> <p>Жеті нотадан тұрады.</p> <p>Балалар үлестірмелі текшелерді алғып, жаттығуды тыңдайды.</p>

Үйымдастырушылық- ізденистік	<p><i>Сол, фа, ми, ре, до, до, ре.</i> Ән саламыз өз-ге-ше,- деп әндептіп, күсандықта тартады. -Мен жаттығуды қалай орындағым?-деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермен көрсетеді. -Ең жоғарғы қай нотадан басталады? -Соль нотасын мен айтамын, ал сендер әрі қарай жалғастырындар. -Сол нотасын екінші сзыққа қоямыз, ал қалғанын өздерің орналастырындар. Дауыс жаттығуы: «Жаттығамыз өзгеше» (И. Нұсіпбаев, Г. Абдрахманова).</p> <p>Ән үйрену: «Жомарт елім» (И. Нұсіпбаев, Т. Молагалиев). «Алатау», «Бәйтерек» әндерін қайталауды ұсынады. «Қара жорға», «Асатаяқ» билерін қайталап ұсынады. Ұлдардың қимылын бөлек, қыздарды бөлек үйретеді. Н. Тілендиевтің «Әлқиссасын» балалардың қайталап ойнауын ұсынады.</p>	<p>Жоғарыдан төменге Сольдан кейін фа, ми, ре, до. Дауыс жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді. Сзықтарға дұрыс орналастыруға талпынады. Балалар ауызды дұрыс ашуға, айқайламай, өзін тыңдап айтуға үйренеді. Биді есіне түсіріп орындаиды. Тыңдалған шығарманы есіне түсіреді.</p>
Рефлексиялық- түзетушілік.	<p>-Айтқан әндерін ұнады ма? -Ол әнді қай композитор жазды? Үйге жомарт өлкем деген тақырыпқа сурет салып келуді тапсырады.</p>	<p>Ән әдемі Ибраһим Нұсіпбаев</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтууды білу керек.

Игереді: ноталарды сзықтарға дұрыс орналастыруды игереді.

Менгереді: ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

Күні: Қараша

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Біздің рәміздер»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музыканы тыңдау, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.

Көрнекілік: герб, ту, суреттері иллюстрация түрінде.

Сөздік жұмыс: ту, герб, гимн.

Оку іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- козғаушылық	<p>Жетекші балаларды «<i>Елім менің</i>» әнімен кіргізеді, амандасады.</p> <p>«Жалаумен жаттығу»-1,2,3 қатарға тұрып, кішкентай, үлкен шенбер жасап үйренеді.</p> <p>Герб пен ту туралы аңызды әңгімелеп береді.</p> <p>Гимнды айтуды ұсынады.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров, С. Қалиев)</p> <p>Балаларды отырғызып, әнді айтып береді.</p>	<p>Балалар жалаушамен жүруді, қатарға тұруды менгереді, шенбермен жүріп, жаттығу жасайды.</p> <p>Өздері билетін ел туралы, жер туралы, Отан туралы мақалмәтілдерін айтады.</p> <p>Герб пен ту туралы тақпақтарын айтып береді.</p>
Ұйымдастыруыштық- ізденистік	<p>-«Қазақстан жалауы» әнінің ырғағы қандай?</p> <p>-Бұл әнде жоғары дыбыс бар ма? Қай жерінде?</p> <p>-Қысқы және ұзақ дыбыс бар ма?</p> <p>-«Паровоз ұзақ гүілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де дәл солай, қысқа, ұзақ дыбыстар бар» деп түсіндіреді.</p> <p>«Стаккато» дауыс жаттығуын айтқызады, үйретеді.</p> <p>Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді.</p> <p>«Қазақстан жалауы» әнін айтады.</p> <p>Балаларға таяқшаны ұрып, ырғакты сезінуін ұсынады.</p> <p><i>Kөк ас-пан-да көк ту бар.</i></p> <p>-Қай жерінде ұзақ дыбыс бар?</p> <p>2-3 мәрте негізгі буын, бас буын, соңғы буынды айтады.</p> <p>-Енді ән айтып, даусымызды жаттықтырайық.</p>	<p>Әннің ырғағына орташа, салмақты Жоғары дыбыстын басталады.</p> <p>Балалар дыбысты салады: Гу-у-у-у-ұзақ Гу-у-қысқа</p> <p>Балалар таяқшамен жастықшаларды ұрып, ырғакты сезінеді.</p> <p>Соңғы буында</p> <p>Дауыс жаттығуын жасап ән айтуға кіріседі.</p>

<p>Үймдастырушылық- ізденістік</p> <p>Ән үйрену: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров, С.Қалиев).</p> <p>-Би билейік, куанайық, қозғалайық, үйренейік. Шабу, тізелерін көтеріп жүру, т.б.</p> <p>-Қыран құс калықтап ұшады. (Жетекшінің таңдауымен қыран құстың дыбысын пайдалану.)</p> <p>Батырлар биін үйретеді.</p> <p>Қара баланың өимылына (И. Сапарбай «Қазақтың қара баласы». «Серілер» тобының үнтаспасын пайдалану. «Билеп үйренейік» жинағында үлгісі берілген.)</p> <p>Аспапта ойнау. Халық әні «Илигай» қайталанып үйретіледі.</p> <p>Ойын: «Қандай ыргак» (А. Асылбек) ойынын естеріне түсіреді, қайталайды.</p>	<p>Әнді бірге айтып, үйреніп, оған қоса қимылдарды да жасауға тырысады.</p> <p>Балалар «Қара бала» қимылдарын жаттап алады. Оған ұоса сөзін де жаттайды.</p> <p>Балалар ұрмалы аспаптарда қызыға ойнайды.</p> <p>Балалар ойынға белсene қатысады.</p>
<p>Рефлексиялық- түзетушілік</p> <p>-Балалар, сендер қандай әуендер тыңдадындар? -Герб туралы не білесіндер?</p>	<p>«Елім менің», «Қазақстан жалауын» тыңдадық. Біз гербімізben, туымызben мақтанамыз.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, ұзак, қысқы, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.

Игереді: жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тыңдап, жалаушаны көтеру. Таяқшамен ыргакты сезініп қағуды үйренеді.

Менгереді: музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

Күні: Желтоқсан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Қысқы орманда»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулау.

Көрнекілік: шырша.

Қажетті құрал-жабдықтар: үнтаспа, диск.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қысқы орман туралы түсінік. П. И. Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы мен Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әнін сипаттап, қандай айырмашылықтары бар екенін білу.

Сөздік жұмыс: жаңа жыл, сабырлы, көңілді, ырғақ.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-көзғаушылық	<p>Балалар педагогпен бірге келеді, жетекші карсы алады. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер-ме, ба-ла-лар!- деп жаттығу арқылы сәлемдеседі. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жінішке, жуан, сабырлы да ақырын, көңілді жолдары, көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайык.</p>	<p>Балалар залға еркін келіп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе! Балалар музыканың сипатын, тембрін естеріне түсіруге тырысады.</p>
Үйимдастыруыштық-ізденистік	<p>Оған баруымызға бізге музыка көмектеседі. Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек». П.И Чайковскийдің «Желтоқсан», Ө. Шілдебаевтің «Жаңа жыл», К.Куатбаевтың «Балдырғандар маршын» тындалады. Шығармалардың сипатын ауысканда, әртүрлі қимылдарды жасап жүру керегін үртеді. П. Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасында біз қандай жолмен жүрдік? Жарайсындар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? Балалар, қысқы орманның жаңғырған дыбысы өте таза,-деп, балаларды шенберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жетекшісін жасауды үсінады.</p>	<p>«Желтоқсан» шығармасында «вальс» ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолға жылтырақтар алып, онға солға бұлғайды. «Балдырғандар маршын» тындалап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар маршы»- көңілді, «Жаңа жыл»-әсерлі.</p>

<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p>Үйымдастырушылық-ізденистік</p>	<p>(М.Андреева). Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды (кішкентай шыршаны алдын ала дайындал қояды). «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдап, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғактың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажыратады.</p>	<p>Балалар шіберге тұрып дауыс жаттығуын айтады. Балалар кішкентай шыршага жақындал қарайды, әнді орындарына отырырп айтады. Әннің көңілді, жылдам ырғактарына мән беріп, таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады.</p>
		<p>П.И.Чайковскийдің жана жылға арналып жазылған «Щелкунчик» балетінің бірінші бөлімі ұntаспада тыңдалады және осы балетке «кішкентай өойылым» үйимдастырылады. Балаларды басты, қосалқы кейіпкерлер рөліне бөледі. -Бүгін қандай шығарма тыңдадық? Ойын: «Ұлдар мен қыздар». Глинканың «Полька» марш ырғағымен қыздар адымдайды, ұлдар секіреді. Ырғакты қымылдар: балаларға өздері ойлап би қымылдарын жасауды ұсынады. Аспапта ойнау: «Полька» (Филиппенко). Балаларды ұрмалы аспаптарда ойнауга үйретеді.</p>	<p>П.И.Чайковскийдің «Щелкунчик» балетінен үзінді тыңдайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенде сазымен айтуды, тыңдауды, естіп білуді.

Игереді: музыканы тыңдалап, түрі өзгерген сайын, «сабырлы», «женіл», «көңілсіз», «көтерінкі» сипаттарын ажыратуды игереді.

Менгереді: музыканы тыңдалап, марш, вальс, полька сипаттарын ажыратады. Вальс ырғағының элементтерін қайталайды.

Күні: Желтоқсан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Егеменді елім»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету.

Көрнекілік: герб, ту, ғұлдер, жалауша.

Алдын ала орындалатын жұмыс: тәуелсіздік туралы түсінік. «Елім менің» әнін жаттап, сезініп, баршаға би ырғақымен жеткізе білу.

Сөздік жұмыс: елім менің.

Оқу іс - әрекет белімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-көзгаушылық	<p>Кыздар гүлдермен, ұлдар жалаушамен «Елім менің» әнімен музыка залына кіреді. Екінші шымағында ырғақпен онға, солға тербетіледі. Алға, артқа аяқтарын қозғап, жалаушамен ырғақты сезінуін, қимылдауын ұсынады. Үшінші шумағында қыздар шенбердің ішінде, ұлдар шенбердің сыртында, қыздар онға, ұлдар солға айналып жүреді, әннің соңында бәрі орнына келіп бітіреді.</p>	<p>Балалар бірінің артынан бірі кіріп, үш қатарға тұруға талпынады.</p> <p>Балалар әнді тыңдал, ырғақпен қимылдарды жасауға тырысады.</p>
	<p>Жетекші Ә. Сәрсековтың өлеңін мәнерлеп оқиды:</p> <p><i>Аспандай мәлдірмін, Жайлайдай жазықтын. Өзенімдей өршилмін, Гүлдерімдей нәзікпін.</i></p> <p>Бала:</p> <p><i>Құат алған өзінен Түған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген, Отанымның гүлімін.</i></p> <p>Басқа балалар жалғастырады.</p> <p>Жетекші балаларға тыңдаған, айтқан ән-шығармаларын есіне түсіреді.</p> <p>Музыка тыңдау: «Алатай»</p> <p>(Н. Тілендиев) әнін «Жігіттер» тобының орындаудың тыңдауды ұсынады.</p> <p>Алдын ала дайындаған қыран құс, пырактар шауып келіп тұрады.</p>	<p>Балалар өлеңді мұқият тыңдайды.</p> <p>Гимн айтылған кезде тік тұрып, қолдарын көкірекке қояды.</p> <p>Балалар құралдарды өз орнына әуенмен жүріп қоюға тырысады. Басқа балалар әнді тыңдайды.</p>

	<p>«Елтаңба мен ту туралы аңыз» қойылымын сомдап ойнауды ұсынады. Қойылымнан кейін «елтаңбасы елімнің», «Қазақстан жалауы» әнін қайталаймыз. «Ата толғауы» күйіне қыздардың «Асатаяқ» биін билеуін ұсынады.</p>	<p>Балалар алдын ала дайындаған рөлдерін жақсы көрсетуге тырысады. Балалар билерді белсене, қуана билейді.</p>
Рефлексиялық- түзетушілік	<p>-Балалар, қандай аңыздың қойылымын қайталадындар? -«Алатау» әнін қай композитор жазды? Ойын: «Шаңырак». Балаларды ойынға шакырады. Балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды.</p>	<p>«Гимн және ту туралы аңыз» қойылымының рөлдерін ойнадык «Алатау» әнін Н. Тілендиев жазды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыкадағы бейнелерді ажыратуды, әннің сергек сипатын, қимылын бере
біледі.

Игереді: музыка ырғағымен асатаяқты ұстауды игереді.

Менгереді: музыканы тыңдал, билеуді, қозғалуды, тоқтауды үйренеді.

Рефлексиялық-түзетушілік.	<p>Келіп көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды. -Қандай құстың даусын ұнатасындар? -Сенің аулаңда қандай құстар бар? -Құстарға қандай қамқоршылық жасайсындар?</p>	<p>Құстар туралы өлең, тақпак, жаңылтпаш, жұмбақтар айтып, сайысқа түседі. Қойылған сұрактарға жауап беріп, құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызыға әнгімелейді.</p>
----------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканың эмоциялық мазмұнын жеткізу, күйші-композитор Н. Тілендиев туралы түсінік алу. Ән мәтінін түсініп, таза айту, мазмұнын әңгімеледі.

Игереді: құстар туралы біліп, мағлұмат алады. «Көктем» әнін үйреніп, мазмұнын түсінеді, «Ақку» биінін элементтерін үйренеді.

Менгереді: әннің музыкасын әндете айтуды, дұрыс тыныс алуды, өз мәнінде нақышына келтіре орындауды, құстардың даусын ажырата алуды.

Күні: Желтоқсан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Орманда серуендейміз»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ыргактың мәнерлілігін түсінізіп, ажырату. Әннің ыргағын сақтау.

Көрнекілік: ұлпалар, қыраулар.

Алдын ала орындалатын жұмыс: П.И.Чайковскийдің «Қантар» атты шығармасымен танысу.

Сөздік жұмыс: Аязата, Жаңа жыл, Ақшақар, глиссандо.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>П.И.Чайковскийдің «Қантар» шығармасымен таныстырады, тыңдатады.</p> <p>-Балалар, айтыңдаршы, ненің дыбысы шығып жатыр? (Аязата мұздармен ойнайды, ұлпалар үшады, қыраулар қатады). Балаларды тұрғызып, тыныс жаттығуна шақырады. Әуеде үшқан үшқындарды қағып алып, тыныс шығарамыз.</p>	<p>Балалар П.И. Чайковскийдің «Қантар» атты шығармасын тыңдайды. Көз алдына қыс құбылысын елестетуге тырысады. Балалар тыныс жаттығуын дұрыс жасауға тырысады.</p>
Ұйымдастыруышылық- ізденистік	<p><i>Дауыс жаттығуы: «Қыс»</i> <i>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл»</i> (Қ. Шілдебаев, Е, Елубай).</p> <p>-Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде отырдыңдар?</p> <p>-Енді П.И. Чайковскийдің «Қантар» шығармасын тағы да тыңдап, салыстырындар. Қандай ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіндер?</p> <p>-«Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?</p> <p>-Балалар, қыста сұық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады?</p> <p>-Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үрненейік.</p> <p>Глиссандо жоғары дыбыстан тәменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі., еkip рет «о» дыбысына түседі.</p> <p>-Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуда тырысайық.</p>	<p>Балалар «Қыс» жаттығуын, «Жаңа жыл әнін айтуда талпынады.» Көңілді отырдық. «Қантар» шығармасын тыңдайды. «Жаңа жыл» әнін дауыстап айтады. Балалар әнді тыңдап, сипатын ажыратуда тырысады. У-у-у-у «О» дыбысынан глиссандо жасауға тырысады. О-о-о-о «У» дыбысын үзіп айтуда тырысады.</p>

	<p>Ән үйрену: «Ақша қар» (Е. Өміров, Қ. Жәленова) әнін айтып, үйренуді ұсынады. Әнді орындан береді, кандай сипатта екенін сұрайды.</p>	
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>Аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). Ұрмалы аспаптарда ойнауды қайталау, жалғастыру.</p> <p>Би: «Хлапақарлар» вальсіне (П.И. Чайковский) қыздары вальс ырғағымен ұлпалар қимылын үйретеді. -Қандай композитордың шығармасын тыңдадық? -Қандай әндер айттындар?</p>	<p>Музыканы тыңдал, вальс ырғағына жүргуге тырысады. П.И.Чайковскийдің «Жана жыл» әнін.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғактың мәнерлілігін түсініп ажырату, әннің ырғағын сақтау.

Игереді: музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды. Шығарманы дұрыс табуды.

Менгереді: вальс ырғағымен жүруді, сезіне билеуді.

Күні: Желтоқсан

Білім саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Қысқы әуен сыңғырлайды»

Білім көздері: Ән-күй

Мақсаты: музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.

Көрнекілік: текшелер, аққала.

Алдын ала орындалатын жұмыс: қыстағы әуеннің сыңғыры туралы түсінік.

«марш» және «полька» ырғактарын жаттау, бір-бірінен ажырата білу.

Сөздік жұмыс: шаңғы, шана, ойма.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Жетекші балаларды карсы алады, «Сәлемдесу жаттығуларын» айтады. -«Марш» және «Полька» ырғактарын есімізге түсірейік,-деп, шығармаларды тыңдатады, ауыстырады. Балалардың өз еркімен музыканы тыңдап, ажыратуына, билеуіне ерік береді.</p>	<p>«Сәлемдесу жаттығуына» қосылады. «Марш» пен «полька» ырғағын ажыратуға тырысады.</p>
Ұйымдастырушылық- ізденістік	<p>A. Вивальдиң «Қыс» концертін үнтаспада тыңдатады. -Балалар, шығарманы сипаттап беріндер,-деп ұсыныс айтады. Дауыс жаттығуы: «Қыс» жаттығуын айтып даысымызды жаттықтырайық. Үлестірмелі- дидактикалық ойын: «Теніз» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Түсінбеген балаларға тағы да екі-үш мәрте қайталау керек. Ән үйрену: «Қыс қызығы» әнін орындаң береді, үйретеді. <i>Қыста қызық ойнаймыз, Суықтан біз қорықтаймыз. Аязда біз тоңбаймыз, Қыс қызығын тоілаймыз.</i></p>	<p>Балалар жайғасып отырып тыңдайды, естеріне түсіреді. Сипаттап айтуға тырысады (жігерлі, ашулы, аязды, т.б.)</p> <p>Шығарманы тыңдап, бірнеше толқынды текшелерден таңдап көрсетуге тырысады. Балалар толқындарды жақсы менгеруге, әнді мәнерлеп айтуға тырысады.</p>

<p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p>	<p>Екі, үш мәрте айтып жаттығады. <i>Шыркөбелек айналып, Би билейік ыргалып.,-</i> деп ұлдарға «<i>Aққалар</i>» жеңіл ырғакты бін үретеді. Кыздар «<i>Ұлпақарлар</i>» биін қайталайды («Билеп үйренейік» жинағынан).</p>	<p>Ұлдар жеңіл әуенге шыршаны айнала жүріп, қимылдарды үйренеді. Кыздар қимылды, биді қайталайды.</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p>Балалар дайын, қылған «акқала», «Аязата», «шырша», ойыншықтар араласып жатқан сандықшаны ашуды сұрайды. Oйын: «Жылдам құрастыр». «Желтоқсан» шығармасы біткенше аяқтандар» деген тапсырма береді. Аспаптарда ойнаймыз: «Полька» (Штраус). Балалардың жауабын, жұмысын көріп, мадақтайды.</p>	<p>Балалар сандықшаны ашып, қындыларды еденге жайып отырып, музыканы тыңдап, құрастыруға тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы қызығып тыңдауды сипатын ажыратуды.

Игереді: музыкамен дауыс жаттығуын айтуды. «Қандай толқын» дидактикалық ойнынын ойнауды.

Менгереді: шығарманы тыңдап, «марш», «полька», «вальс» ырғактарын еркін қимылдауды.